

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 22 қазандағы № 558 бұйрығы

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 15 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 131-ө өкімінің 75-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.) "Түрлі-түсті бейнедегі көбейту-көшіру техникасын шеттен әкелу (әкету), сатып алу, есепке алу, сақтау және пайдалану туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 28 наурыздағы № 198 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 3578 болып тіркелген);

2) "Түрлі-түсті бейнедегі көбейту-көшіру техникасын шеттен әкелу, сатып алу, есепке алу, сақтау және пайдалану туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 28 наурыздағы № 198 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 185 бұйрығының күші жойылды деп танылсын

2. Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті осы бұйрықты Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінен алу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің орынбасары полиция полковнигі Қ.С. Тыныбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р

милиция генерал-майоры

Қ. Қасымов